

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ	ҚД	Қауіпсіздік
Мәртебесі: қолданыстағы	Қ 15 06 АА	9-дың 1-беті

## «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАК» АҚ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖӘНЕ АЛАЯҚТЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ САЯСАТЫ

### 1. Қолданылуы

Осы «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саясаты (бұдан әрі – Саясат) «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) қызметінің негізгі бағыттарын және Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жалпы мінез-құлық ережелерін айқындайды.

### 2. Қолдану аясы

Осы Саясаттың принциптері мен талаптары Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелеріне таралады.

Рев. №	Өзгертілген беттер	Әзірлеген	Мақұлданды	Бекітілді
0.		ҚД директоры Б.Ы.Елубаев 2013 ж. 2 мамыр	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқармасының 2013 жылғы 16 мамырдағы № 221 шешімімен	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 ж. 21 мамырдағы № 5/13 шешімімен
1.	1-5,7,8...	ҚД директоры Б.Ы.Елубаев 2015 ж. 19 ақпан	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқармасының 2015 жылғы 17 наурыздағы № 181 шешімімен	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 ж. 30 сәуірдегі № 7/15 шешімімен

*(Абылай А.) Еман*

### 3. Терминдер мен анықтамалар

3.1. **Лауазымдық тұлға** – Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі, Қоғам басқармасының мүшесі.

3.2. **Сыбайлас жемқорлық** – мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы.

3.3. **Коммерциялық сатып алу** – Коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару қызметтерін атқаратын адамға заңсыз ақша, бағалы қағаздар немесе басқа мүлік беру, сондай-ақ оның өз қызмет бабын сатып алушы адамның мүддесінде пайдалануы үшін, сондай-ақ қызметі бойынша жалпы қамқорлығы немесе салғырттығы үшін оған мүліктік сипаттағы заңсыз қызмет көрсету.

3.4. **Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілетті тұлға** – Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметкер, мәслихат депутаты.

3.5. **Мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілетті тұлғаға теңестірілген тұлға** – жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адам; Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасының Парламенті мен мәслихаттардың депутаттығына кандидаттар ретінде тіркелген азамат, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару сайланбалы органдарының мүшелері; жергілікті өзін-өзі басқару органдарында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбегіне ақы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет қаражатынан төленетін қызметші; мемлекеттік ұйымдарда және жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі елу пайыздан көп болатын ұйымдарда, оның ішінде акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтерде, ұлттық холдингтерде, ұлттық компанияларда, ұлттық даму институттарында, олардың дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы өздеріне тиесілі еншілес ұйымдарында, сондай-ақ дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы көрсетілген еншілес ұйымдарға тиесілі заңды тұлғаларда басқару функцияларын атқаратын адам; Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметшісі.

3.6. **Алаяқтық** – алдап-арбау жолымен бөтен мүлікті ұрлау немесе алдап-арбау немесе қасақана сеніміне кіру жолымен бөтен мүлік құқығын сатып алу.

3.7. **Омбудсмен** – Қоғамның Директорлар кеңесі тағайындайтын, Директорлар кеңесінің мүшесі немесе Қоғам Басқармасының мүшесі болып табылмайтын Қоғам қызметкері, ол өз қызметінің шеңберінде Корпоративтік этика кодексі мен ос Саясат ережелерін түсіндіреді.

3.8. Қызметкер – Жұмыс берушімен (Қоғаммен) еңбек қатынасында тұратын және еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға;

#### 4. Жалпы ережелер

4.1. Осы саясат Қазақстан Республикасының қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы, әкімшілік және қылмыстық заңнамасына, қолданылатын халықаралық заңнамаға, Корпоративтік этика кодексіне, Корпоративтік басқару кодексіне және Қоғамның басқа да ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

4.2. Қоғам қызметімен байланысты әлеуетті сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілеріне:

1) Қоғамда<sup>1</sup> ұдайы, уақытша яки арнаулы өкілеттік бойынша ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларын атқаратын тұлға;

2) Қоғам атынан әрекет ететін, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңға сәйкес мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті, немесе соларға теңестірілген лауазымдық және басқа тұлғаларды сатып алуды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар;

3) Қоғам атынан әрекет ететін, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңға сәйкес мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті, немесе соларға теңестірілген лауазымдық және басқа тұлғаларға мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды заңға қарсы ұсынатын жеке және заңды тұлғалар;

4) 1) тармақта көрсетілген тұлғаларды сатып алуды жүзеге асыратын, немесе 1) тармақта көрсетілген тұлғаларға мүліктік игіліктер мен артықшылықтарды заңға қарсы ұсынатын жеке және заңды тұлғалар;

5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін ҚР Қылмыстық кодексімен, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексімен және өзге де ҚР заңдарымен жауаптылық көзделген өзге тұлғалар.

4.3 Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексімен көзделген әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық мыналар болып табылады:

- жеке тұлғалардың мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілетті тұлғаға немесе олармен теңестірілген тұлғаға заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер немесе қызмет көрсетуі, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жазаланатын белгілер болмаса;

- мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілетті тұлғаның немесе олармен теңестірілген тұлғаның жеке өзі немесе делдал арқылы, заңсыз материалдық

<sup>1</sup> Ұйымдастырушылық-өкімдік функция дегеніміз – заңнамамен және құрылтай құжаттармен көзделген ұйымның атқарушы органының өкілеттіктерін жүзеге асыратын тұлғаның қызметі. Бұл функцияларға ұжымды жалпы басқару, кадрларды орналастыру мен тандау, қарамағындағы адамдардың еңбегін ұйымдастыру және бақылау, көтермелеу шараларын қолдану мен тәртіптік жазалар қолданудан көрінетін тәртіпті қадағалау жатады.

Өкімшілік-шаруашылық функциялары дегеніміз – толық материалдық жауапкершілік жүктелген тұлғалардың мүлікті, оның ішінде ұйымдардың балансындағы және банктік есепшоттарындағы ақшаны басқару мен оған иелік ету бойынша берілген өкілеттіктер шеңберіндегі қызметті, жүзеге асыруы.

сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер немесе оларды білдірген тұлғалардың пайдасына жасаған әрекеті (қарекетсіздігі) үшін қызмет алуы, егер мұндай іс-әрекет (қарекетсіздік) мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілетті тұлғаның немесе олармен теңестірілген тұлғаның қызметтік өкілеттігіне кіретін болса, және егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жазаланатын белгілер болмаса;

- заңды тұлғалардың мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілетті тұлғаға немесе олармен теңестірілген тұлғаға заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер немесе қызмет көрсетуі, егер бұл іс-әрекеттерде қылмыстық жазаланатын белгілер болмаса;

- Қазақстан Республикасының Президенті, мемлекеттік органдары, Қазақстан Республикасының Қарулы күштері және Қазақстан Республикасының басқа әскерлері мен әскери құрамалары айқындайтын басшыларының, яки жауапты хатшыларының яки өзге лауазымды қызметкерлерінің өз құзыреттерінің шегінде, сыбайлас құқық бұзушылықтар жасауға кінәлі өздеріне бағынысты тұлғаларға қатысты шаралар қабылдамауы, немесе ол шараларды сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы заңнаманы бұза отырып қабылдауы, немесе кінәлі адамдардың тұрған жері бойынша мемлекеттік кіріс органдарына тиісті ақпарат бермеуі;

- Мемлекеттік органдар, мекемелер мен кәсіпорындар басшыларының, немесе ұлттық компаниялар, ұлттық басқару холдингтері, ұлттық даму институттары, сондай-ақ олардың еншілес ұйымдары басшыларының бұрын сыбайластық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа алуы.

4.4 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген сыбайлас жемқорлық қылмыстар болып мыналар танылады:

- қызмет өкілеттігін теріс пайдалану;
- билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану;
- лауазымдық тұлғаның өкілеттіктерін иемдену;
- кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу;
- пара алу;
- пара беру;
- парақорлыққа делдал болу;
- қызметтік жалғандық жасау;
- қызметтегі әрекетсіздік;
- немкеттілік;

4.5 Қоғам мына әрекеттерді жол берілмейтін және Қоғам қызметімен үйлеспейтін әрекеттер ретінде қарастырады:

- Қоғам мүддесіне қарсы келетін қандай-да бір құндылықты (материалдық немесе материалдық емес) сатып алуға, алуға тікелей немесе жанама уәде беру, ұсыныс жасау немесе рұқсат беру;

- кез келген жеке және заңды тұлғаның заңда және/немесе Компанияның ішкі құжаттарында көзделмеген кез келген мүліктік игілікті (оның ішінде «откат» деп аталатынды, қарызды, қаламақыны, сыйақыны, жеңілдіктерді немесе

басқа пайданы) ұсынуы немесе осы Саясаттың 3.2-тармағы 1) тармақшасында көрсетілген тұлғалардың алуы;

- жалған ұйымдарға немесе меншік құрылымы айқын емес ұйымдарға төленетін төлемдер;
- оффшорлық банкілік есепшоттарға төленетін төлемдер;
- мемлекеттік функцияларды атқаруға уәкілетті тұлғаларға, соларға теңестірілген тұлғаларға, олардың жақын туыстарына жататын немесе бақыланатын заңды тұлғаларға төленетін төлемдер;
- қолма-қол ақша, облигациялар және өзге де құнды қағаздар түрінде заңсыз сыйақылар беру;
- ақысыз немесе нарықтық емес бағамен қызметтер ұсыну;
- негізсіз жеңілдіктер алу;
- қолма-қол ақша түріндегі сыйлықтар;
- жақын туыстарды немесе жең ұшынан жалғасқан тұлғалардың өкілдерін сыбайластық сатып алуды ұйымдастыратын заңды тұлғалардың кредиттері мен дивидендтерінің құрылтайшылары, пайщиктері, иелік етушілері қатарына алу;
- алдап-арбау жолымен немесе қасақана сеніміне кіру арқылы материалдық және материалдық емес активтерді заңсыз иелену;
- рұқсат етілмеген чектерді, борыштық міндеттемелерді, вексельдерді немесе жалған айырбас мәмілелерді пайдаланатын заңсыз әрекеттер;
- ақпараттық технологияларды пайдаланып алаяқтық әрекет жасау.

## **5. Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимылдың негізгі принциптері**

Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл кезінде Қоғам мынадай принциптерге сүйенеді:

- заңдылық және этика;
- сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықты кез келген нысандар мен көріністерде қабыл алмау;
- корпоративтік басқарудың барлық деңгейлерінде сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық көріністеріне ымырасыз көзқарас;
- жасалған сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық құқық бұзушылықтың жазадан бұлтартпауы;
- сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық іс-әрекеттер, оның ішінде мүдделер қақтығысы көріністеріне жол бермеушілік;
- Қоғамның Лауазымдық тұлғалары мен Қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысқа белсенді түрде тартылуы.

## **6. Саясаттың мақсаты мен міндеттері**

6.1 Қоғам өзінің жоғары этикалық стандарттарға, корпоративтік мәдениетті одан әрі жетілдіру мен іскерлік абырой-беделді ұстап тұру үшін ашық та адал бизнес жүргізуге жақтастығын атап көрсетеді.

6.2 Осы Саясат мына мақсатта әзірленді:

6.2.1 Қоғамда сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық әрекеттерді болдырмау жөніндегі тиімді шараларды іске асыру;

6.2.2 Қоғамның Лауазымдық тұлғалары мен Қызметкерлерінің санасында, оның контрагенттерінде, инвестициялық қауымдастығында Қоғамның сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың кез келген нысандары мен көріністерінде оларды қабылдамайтындығы туралы бірыңғай түсінігін қалыптастыру;

6.2.3 Қоғамда сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың туындау кәтерін азайту.

6.3 Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсатқа мынадай жолмен қол жеткізуге болады:

6.3.1 Қоғамның Лауазымдық тұлғалары мен Қызметкерлеріне сыбайластыққа қарсы заңнаманың принциптері мен талаптары туралы кеңінен түсіндіру және хабардар ету;

6.3.2 Қоғамды сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық әрекеттерге тарту кәтерін барынша азайту шараларын қабылдау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық әрекеттерді болдырмаудың алдын ала шараларын қолдану;

6.3.3 ақпараттық арналарды сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық әрекеттері туралы хабарлармен қамтамасыз ету;

6.3.4 Қоғамның Лауазымдық тұлғалары мен Қызметкерлерінің осы саясаттың ережелері мен сыбайластыққа қарсы заңнаманың нормаларын білу және сақтау міндетін орнықтыру.

## 7. Жауаптылық және өкілеттіктер

7.1 Қоғамның барлық Лауазымдық тұлғалары мен Қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық әрекеттеріне қарсы тұру бойынша тікелей міндеттер жүктеледі.

Құрылымдық бөлімшенің басшысына да өзінің құрылымдық бөлімшесі қызметкерлерінің осы Саясаттың ережелері мен сыбайластыққа қарсы заңнаманың нормаларын сақтауын қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар қабылдау міндеті жүктеледі.

7.2 Қоғамның барлық Лауазымдық тұлғалары мен Қызметкерлеріне, Қоғам атынан немесе оның мүддесі үшін тікелей немесе жанама, жеке немесе қандай да бір делдал арқылы әрекет ететін өзге тұлғаларға, сол елде немесе өзге елде бизнес жүргізу практикасына қарамастан, сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық іс-әрекеттерге қатысуға тыйым салынады.

7.3 Қоғамның барлық Лауазымдық тұлғалары мен Қызметкерлері, Қоғам атынан немесе оның мүддесі үшін әрекет ететін тұлғалар мыналарға міндетті:

- осы Саясат ережелерін зерделеуге және адал орындауға;
- Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық фактілері туралы хабарлауға;
- сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық фактілері бойынша қызметтік тексеру жүргізуге жәрдемдесуге;

*Толан*

• өзінің тікелей басшысын немесе Қоғамның қауіпсіздік департаментінің басшысын сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық оқиғалары туралы хабардар етуге.

7.4 Өзінің іс-әрекетінің заңдылығына күмәнданған және ол осы Саясаттың ережелеріне сәйкес келген жағдайда, Қоғам Қызметкерінің бұл мәселе бойынша өзінің тікелей басшысымен немесе Қоғамның корпоративтік этиканың сақталуына жауапты қызметкері – Омбудсменмен ақылдасқаны жөн.

7.5 Осы Саясат ережелерінің бұзылуына кінәлы тұлғалар ҚР заңнамасында көзделген тәртіпте және негіздемелер бойынша тәртіптік, әкімшілік, азаматтық-құқықтық немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

## **8. Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл шаралары**

8.1 Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимыл шараларын ұйымдастыру мен қабылдауға, осы Саясат ережелерін іске асыруды қамтамасыз етуге Қоғамның қауіпсіздік департаменті жауапты болып табылады. Ол қажет болса, жәрдем көрсету үшін өз құзыреттері шегінде Қоғамның өзге де бөлімшелерін тарта алады.

8.2 Қоғам мынадай алдын-алу-ескерту шаралары кешенін іске асырады:

8.2.1 Қоғамның тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың туындау қатерлерін басқаруды тиісінше бақылауды қамтамасыз етеді.

8.2.2 сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қасақана бұзатын және өзінің іс-әрекетімен Қоғамның іскерлік абыройына теріс әсер ететін ұйымдармен іскерлік қатынастар орнатуды болдырмаудың қажетті шараларын жүзеге асырады;

8.2.3 сыбайлас жемқорлық және алаяқтық құқық бұзушылықты айқындауға бағытталған, бухгалтерлік, есептеу тәжірибесі, кадр және өзге қызметтік тексерістерді ұйымдастыру механизмдерін қамтитын тиімді қаржылық және ішкі бақылауды қамтамасыз етеді;

8.2.4 қаржы операцияларының дұрыстығын ұйымдастырады, оларды дұрыс құжаттайды, ресми емес (екіұдай) есеп-қисап жасауды, ескерілмеген немесе дұрыс ескерілмеген операциялар өткізуді, болмаған шығыстардың есебін жүргізуді; объектісі дұрыс бірдейлестірілмеген міндеттемелерді көрсетуді; бухгалтерлік немесе өзге құжаттаманы ұлттық заңнамада көзделген мерзімнен бұрын жоюды болдырмайды;

8.2.5 әртүрлі сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық схемаларын бұғаттаудың тиімді тәсілдерін қамтамасыз ету жөніндегі мамандандырылған методология мен озық техникалық шешімдерді қолданады;

8.2.6 шетелдік танымал лауазымды тұлғаға немесе танымал халықаралық ұйымға, осы лауазымдық тұлға немесе басқа жеке немесе қанды тұлға үшін, осы лауазымдық тұлғаның өзінің қызметтік міндетін атқарған кезде коммерциялық немесе басқа құқыққа қайшы артықшылық алуы, сақтауы үшін қандай да бір әрекет (қарекетсіздік) жасасын деп, уәде, ұсыныстар, немесе қандай да бір құқыққа қайшы артықшылықтар беруден тартынады.

*Әміре*

8.2.7 Қоғам мүддесі үшін мемлекеттік және мемлекеттік емес органдардың өкілдерімен байланыс жасаудың заңсыз тәсілдерін пайдалануға: уәде, ұсыныс немесе қандай да бір құқыққа қайшы артықшылық немесе пайда беруге жол бермейді;

8.2.8 үшінші тұлғаларға да, Қоғам қызметкерлеріне қатысты да сыбайлас жемқорлыққа қатысты заңнама талаптарының сақталуын қамтамасыз ететін бақылау қағидасын әзірлейді және қолданады;

8.2.9. сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайларға мезгіл-мезгіл зерттеу жүргізеді, сондай-ақ олардың алдын алу шараларының тиімділігіне тұрақты түрде мониторинг жүргізеді.

8.2.10 мүдделер қақтығысы және корпоративтік қақтығыс (дау) туындаған жағдайда Қоғамның барлық Лауазымдық тұлғалары мен Қызметкерлеріне қолдау көрсетеді.

8.2.11 осы Саясатты сыбайлас жемқорлыққа қарсы ережелердің шарттарына (келісімшарттарға) енгізу жолымен оны контрагенттерге дейін жеткізуді қамтамасыз етеді.

8.2.12 ішкі нормативтік құжаттарда, корпоративтік этика, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бақылау және аудит қағидаларын, мүдделер қақтығысының алдын алу рәсімдерін қоса алғанда, сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың алдын алуға бағытталған қағидалар мен рәсімдерді бекітеді.

8.2.13 Қоғам Қызметкерлерінің қарсы іс-қимыл шараларын ұйымдастыру саласындағы кәсіби дайындық деңгейін арттыруды ұйымдастырады.

8.2.14 Қоғам Қызметкерлерін құлақтандыру және оқыту жолымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін көтеруге жәрдемдеседі.

8.2.15 осы Саясатты Қоғамның Интернет желісіндегі корпоративтік сайтына еркін қол жетерліктей етіп орналастырады.

## **9. Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық туралы хабардар ету**

9.1 Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың ықтимал немесе күдікті жағдайлары туралы хабарлау тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 06/14 шешімімен бекітілген Алаяқтықтың ықтимал немесе белгілі фактілері, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ ішкі бақылау қағидалары мен өзге стандарттарын бұзушылық туралы құпия хабарлау саясаты» (Қызметкерлер ескертеді) құжатында айқындалған.

9.2 Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықтың ықтимал немесе белгілі жағдайлары туралы хабарламаларды құпиялылықты қамтамасыз ететін мына арналар мен байланыс құралдары бойынша беруге болады:

- электрондық пошта мекенжайы: dover@kazatomprom.kz;
- «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ сенім телефондары +7 717 2, 58 03 61; ішкі нөмір 10-108;
- пошта мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Д.Қонаев көшесі, 10, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, Қауіпсіздік департаментінің директорына, «Жеке қолға – Қызметкерлер ескертеді» белгісімен.

## 10. Қызметтік тексеру жүргізу

10.1 Сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа жатқызуға болатын оқиға жағдаяттарын объективті, толық және жан-жақты зерттеу, оларды жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтау және жою, көрсетілген оқиғаларға қатысы бар тұлғаларды анықтау мақсатында, негізсіз жауапқа тартуды болдырмау мақсатында, Хабарлау саясатының талаптарына жауап беретін әрбір хабарлама (арыз) бойынша Қоғамның Қауіпсіздік департаменті қызметтік тексеру жүргізеді.

9.2 Қызметтік тексеру жүргізуге мыналар негіз болуы мүмкін:

- осы Саясаттың 9.2-тармағына сәйкес келіп түскен өтініш, арыз-шағым және жазбаша хабарлама;
- тексерулердің, аудиторлық және ішкі тексерулердің нәтижелері;
- Лауазымды тұлғалардың, ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының хабарламалары.

10.3 Қызметтік тексеруді, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіпке сәйкес, Қоғам Басқармасы төрағасының бұйрығымен тағайындалатын комиссия жүргізеді.

10.4 Қызметтік тексеру нәтижелері Басқарма төрағасына баяндалады, ол қажет болған жағдайда тиісті материалдарды Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына беру туралы шешім қабылдайды.